



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДАУЛАРДЫ БЕЙБІТ ЖОЛМЕН ШЕШУ

Мусина Индира Жанатовна

Mussinaindira@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық универсиеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-21 тобының студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б.

Аңдатпа. Мақалада халықаралық дау себептері және оны шешу жолдары қарастырылады. Сондай-ақ, Гаага конференциясы, «Халықаралық қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу жөніндегі» конвенция, Жалпы Акт және БҰҰ Жарғысы осы санатына байланысты талдау жасалынады. Соғыс құрағына түспей, мемлекеттердің құқықтарын қорғау күштерін нығайту жөнінде ұсыныстар анықталады. Халықаралық ұйымдардың жарғылары дауларды бейбіт шешудің механизмдерін қарастырады.

Аннотация. В статье рассматриваются причины международных споров и способы их решения. Кроме того, будет проанализирована Гагская конференция, Международная конвенция о мирном урегулировании международных конфликтов, Общий закон и Устав Организации Объединенных Наций. Без довоенных действий принимаются рекомендации по укреплению полномочий государства. Уставы международных организаций предоставляют механизмы мирного разрешения споров.

Түйін сөз. Бас Ассамблея, декларация, жалпы акт, БҰҰ Жарғысы, резолюция, Боготалық пакт, арбитраж, Мавромматис, палата, Факультативті консультация, Қауіпсіздік Кеңесі.

Ключевые слова. Генеральная Ассамблея, декларация, общий акт, Устав ООН, резолюция, Ботанический пакт, арбитраж, Мавромматис, палата, Совет Безопасности, Факультативная консультация.

Жалпы түрде халықаралық дауды екі немесе одан да көп халықаралық-құқықтық субъектілердің қарама-қайшылығынан туындайтын саяси-құқықтық қатынастар ретінде қарастыруға болады.

Дау туындаған сәттен бастап және оның даму кезеңдері кезінде халықаралық құқықтың жалпыға бірдей императивті принципі - халықаралық дауларды бейбіт жолдармен шешу жүзеге асуы тиіс.

1. Бейбітшілік тәсілдері - мемлекеттер арасындағы даулар мен келіспеушіліктерді шешудің берден-бір жолы ретінде.

Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу жөніндегі ең алғашқы акт болып, дүниежүзілік ең алғашқы Гаага конференциясында қабылданған және 1907 жылғы екінші Гаага конференциясында толықтырылған "Халықаралық қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу жөніндегі" конвенция табылады. 1949 жылғы 28 сәуірде бекітілген халықаралық дауларды бейбіт түрде шешу жөніндегі Жалпы Акт.

Дауларды бейбіт жолмен шешуге қатысты маңызды ережелер бекітілген БҰҰ Жарғысы да ерекше орынға ие (соның ішінде 33 бап). Бұл ережелердің одан әрі дамуында БҰҰ Бас Ассамблеясымен бірқатар резолюциясы мен декларациялар қабылданған, соның ішінде 1982 жылғы дауларды бейбіт шешу жөніндегі Манильдік декларация.

Аймақтық келісімдер арасынан 1948 жылғы дауларды бейбіт шешу жөніндегі америкааралық келісім-шартты алуға болады (Боготалық пакт). Сондай-ақ 1957 жылы Еуропа Кеңесімен қабылданған Еуропалық конвенция, 1992 жылғы қабылданғын СБСЕ шеңберіндегі келісім бойынша конвенция. Сонымен қатар аймақтық ұйымдардың да жарғылары (ЛАГ, ОАГ, ОАЕ, ТМД).

Халықаралық дауларды бейбіт жолмен реттеу механизмі мемлекеттердің түрлі сферадағы ынтымақтастығын реттейтін бірқатар көп жақты конвенцияларда қарастырылған.

Мысалы, 1972 жылы ғарыш объектілерімен келтірілген зиянға халықаралық жауапкершілік туралы конвенциясы және т.б.

Дауларды бейбіт жолмен шешу тәсілдері деп халықаралық құқық субъектілерінің арасындағы дауларды халықаралық құқықтың мәжбүрлеудің ешқандай түрін қолданбау принципіне сәйкес шешудің халықаралық-құқықтық тәсілдері мен жолдары.

Дауларды шешу тәсілдерінің кейбіреулері бұрыннан бар болатын болса, кейбіреулер жақында пайда болған тәсілдер. Бірқатар дауларды тек бейбіт жолмен шешу міндеттерін мойындау негізінде ғана осы тәсілдерінің жүйесі қалыптасып отыр. Бұл жүйе БҰҰ жарғысының 33 бабында бекітілген. Онда бейбіт тәсілдерінің келесі түрлері, келіссөз, зерттеу, татуласушылық, бітімгершілік, арбитраж, сотта қарау, аймақтық органға шағымдау және басқа да сол секілді тәсілдер көзделген. Ал басқа бейбіт жолдарға игі қызметтер мен БҰҰ органдарымен дауларды шешу механизмдерін қарастыруға болады. Халықаралық қатынастар тәжірибесінде басқа да жағдайлар қарастырылуы мүмкін. Бұның Жарғысы заңдылық сипаттағы және басқадай дауларды ажыратады. Сондақтан да БҰҰ Халықаралық Сотының Статутында 36 бапта құқықтық сипаттағы дауларға шарттарды талқылауды; халықаралық құқықтың кез келген мәселесін; халықаралық міндеттемелікті бұзатын фактілердің болуын; сондай-ақ сол бұзылған міндеттемелікті өтеудің сипаты мен мөлшерін жатқызады. Осындай айырмашылықтардан 1957 жылғы дауларды бейбіт жолмен шешу жөніндегі Еуропалық конвенция бастау алды.

Тікелей келіссөздер дауларды шешудің бейбіт жолдары жүйесінде ерекше орын алады. Жалпы тікелей келіссөздерсіз ешқандай халықаралық дауларды шешу мүмкін емес.

Халықаралық дауларды бейбіт түрде реттеу барлық келісімдерге қандай да бір мақсатқа жету үшін келіссөздер бірден бір алғашқы қадам ретінде табылады. Ол 1899 және 1907 жылдардағы халықаралық қақтығыстарды бейбіт шешу жөніндегі Гаага конвенциясында, бұның Жарғысында (33 бап), 1949 жылғы халықаралық дауды бейбіт шешу жөніндегі Жалпы акт, 1982 жылғы дауларды бейбіт жөніндегі Манильдің декларациясында және т.б. Көрсетілген. 1924 жылы 30 тамыздағы Мавромматис ісі бойынша халықаралық-әділ соттың тұрақты палатасының шешімімен, сондай-ақ 1960 жылғы 12 сәуірдегі Үндістан территориясы арқылы өту құқығы жөніндегі дау жөніндегі бұның Халықаралық Сотының шешімінде дау соттың іс қарауының объектісі болғанға дейін оны келіссөздер арқылы шешу қажеттігі тікелей көзделген.

Мүдделі тұлғалар арасындағы келіссөздерді жүргізуді даулы халықаралық мәселелерді дипломатиялық жолмен шешу деп қарастырады. Келіссөздердің артықшылығы туындаған даудың тараптары өзара шағымдарды тікелей шешуден даулы мәселені шешудің тәртібін анықтаудан, өзара тиімді шешім шығарудан көрінеді.

Келіссөздер қатысушылардың топтарына байланысты - мемлекет басшыларының, үкімет басшыларының, сырқы істер министрлерінің, дипломатиялық өкілдіктердің басшыларының және арнайы құзіреті бар тұлғалардың қатысумен болатын келіссөздер деп ажыратылады. Келіссөздер ресми және бейресми болуы мүмкін.

Сондай-ақ келіссөздер нысанына байланысты (ауызша - тікелей байланыстар арқылы және жазбаша - нота, хаттар адмасу арқылы) және қатысушылардың санына байланысты (екіжақты, көпжақты, соның ішінде халықаралық конференция шеңберіндегі) бөлінеді.

Халықаралық құқық келіссөздердің мерзімін белгіленбейді. Егер де халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндіретін дау туралы сөз болса, онда тараптар оны ысырау мерзімде реттеуге барлық күштерін салу керек.

Келіссөздер нақты шарттар сақталған жағдайда жағымды нәтижелерге әкелуі мүмкін. Ең бірінші келіссөздер тең құқылы түрде және келіссөздер бойынша тараптардың тәуелсіз теңдікті ескере отырып жүргізілуі мүмкін. Олар алдын ала шарттарсыз, мәжбүрлеусіз болуы керек. Келіссөздер нәтижелі болуы үшін тараптардың еркі болуы керек және өзара ымыраға келу жолдарын іздестіру керек.

Егер келіссөздер келісімге келтірмеген жағдайда тараптар басқа да бейбіт жолдарды қарастыру керек.

Консультациялар келіссөздердің түрлері ретінде саналады. Бұл дауларды шешудің жаңа тәсілі ретінде XX ғасырда пайда болды.

Консультациялар факультативті және міндетті болып бөлінеді. Факультативті консультацияға тараптар әрбір нақты жағдайларда өзара келісімген келуі жатады. Ал міндетті болып келіспеушілік туындаған жағдайда қатысушылардың арасындағы алдын ала консультациялар табылады.

Көп жақты конвенцияларда кез келген мәселелер бойынша консультациялар жүргізу міндеті бар. Ол мақсатқа қатысты немесе конвенция ережелерін жүзеге асыру барысында қатысты туындауы мүмкін. Мысалы, 1972 жылғы бактериологиялық қаруларды жасау және өндіруге тиым салу және жою жөніндегі конвенция.

Мұндай конвенцияларды бұрынғы тәсілдер деп қарастыруға болады.

Консультациялар бірқатар келісім-шарттарда дауларды бейбіт жолымен шешудің тәсілдері ретінде тікелей қарастырылған. (Мысалы, 1982 жылғы Теңіз құқығы бойынша бұұның конвенциясының 283 бабы).

Бұұның Жарғысымен Бас Ассамблея және Қауіпсіздік Кеңесі дауларды шешу шеңберінде күзірет бөлінген органдар болып табылады. Бұұның Жарғысының VI тарауына сәйкес “Дауларды бейбіт шешу”, бұл жерде дау дегенде бірінші кезекте оның жалғасуы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндіретін даулар жөнінде сөз болып отыр.

Қауіпсіздік Кеңесі осындай дауларды шешуде ерекше орынға ие. Қауіпсіздік Кеңесі Жарғысының 34 бабына сәйкес кез келген дау бойынша зерттеу жүргізуге өкілдігі бар. Осы негізде Қауіпсіздік Кеңес халықаралық тергеу функциясын жүргізеді. Іздестіру Кеңесінің өзімен немесе осы мақсатта құрылған комиссиялармен жүргізілуі мүмкін. Кеңес іздестіру жүргізу барысында даудың фактілік жағын анықтап қана қоймай, сондай-ақ халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіптілік дәрежесін анықтайды. Сол үшін де іздестіру дәстүрлі тергеу тәртібімен ерекшеленеді.

Қауіпсіздік Кеңесі даудың сипатын бекітіп бірқатар әрекеттер жасауы мүмкін. Қажет деп тапқан жағдайда ол тараптардан дауды шешуді талап етуі мүмкін. Сондай-ақ Кеңес заңдылық сипаттағы даулар жалпы ережелер бойынша халықаралық сотқа тараптармен берілуі тиістігін назарға алады.

Егер Қауіпсіздік Кеңестің қарауына берілген дау шындығында халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға қауіп төндірсе онда Қауіпсіздік Кеңесі оны реттеудің тәртібі мен әдістерді ұсынып қана қоймай, оны шешудің тиісті жағдайларын қарастырылуы керек (37 бап Жарғы).

Қауіпсіздік Кеңесі жоғарыда көрсетілген сипаттағы дауды қана қарап қоймай, сондай-ақ кез келген дауды, яғни сол дауға қатысушы тараптардың өтінімімен қарайды және оны шешудің әдістерін ұсынады (38 бап. Жарғы). Жарғының аталған ережелерін орындау барысында Қауіпсіздік Кеңесі игі қызмет, татуласырушы, бітімгершілік функцияларын жүзеге асыра алады.

Бас Ассамблея халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікке қауіп төндіретін дауларды қарайды және шешеді. Сол негізде Бас Ассамблея дауға қатысып ешқандай ұсыныстар жасай алмайды, егер олар Қауіпсіздік Кеңесімен қарастырылса және бұл туралы Кеңес сұрамаса (Жарғының 12 бап).

Қауіпсіздік Кеңесі мен Бас Ассамблеяның дауды бейбіт шешудегі күзіреттері бұұның мүше мемлекеттеріне және мүше емес мемлекеттерге Жарғыда көрсетілген міндеттемелерді орындауды мойынға алған кезде тартылады.

Бұұның жүйесінің мамандандырылған мекемелері мен басқа да ұйымдары өздерінің құрылтай актілерінде дауларды бейбіт реттеу тәртіптерін қарастырған. Мұндай даулар талқылауды, құрылтай актілерді қолдануды қажет етеді.

Аймақтық ұйымдар өздерінің құрылтай актілерінде дауларды бейбіт шешудің механизмдерін қарастырады. Бұұның Жарғысының 33 бабында дауласушы тараптардың басқа тәсілдерімен қатар аумақтық органдарға немесе келісімдерге шағымдануы көзделген. Осындай келісім жасаған немесе осындай органдарға кіретін мемлекеттер жергілікті

дауларды бейбіт түрде шешуге барлық күшін салу керек (52 бап 2 т). Жергілікті келісімдергі немесе органдарға жүгіну мүдделі мемлекеттердің не болмаса Қауіпсіздік Кеңесінің бастамашылығымен болуы мүмкін. Сол себептен Кеңес жергілікті дауларды бейбіт шешуге көмектесуі керек.

Сонымен, Халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу барысында мемлекеттердің бейбіт өмір сүру жағдайында ізгі қызмет етулер институты бейбіт реттеудің өзге тәсілдерімен бірге бірнеше халықаралық-құқықтық маңызды актілерінде бекітіліп, қазіргі кезде қажығыстарды бейбіт шешудің халықаралық-құқықтық тәсілдерінің бірі болып табылады.

Халықаралық дауларды және жағдайларды реттеу халықаралық бейбітшілікті, қауіпсіздікті, әділеттілікті қауіп-қатерге ұшыратпастай, халықаралық құқық қағидалары негізінде жүзеге асырылуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дембо Л.И. О принципах построения системы права // Государство и право. — № 8. — С. 88.
2. Бобров Р.Л. Основные проблемы теории международного права. — М.: Междунар. Отн., — С. 192.
3. Талалаев А.Н. Юридическая природа международного договора. — Киев: АН укрсср, Совет Института философии и сектора государства и права, 1968. — С.
4. Ладыженский А.М., Блищенко И.П. Мирные средства разрешения споров между государствами. — М.: Госюриздат, 1962. — С.
5. Пушмин Э.А. Мирное разрешение международных конфликтов (международно-правовые вопросы). — М.: Междуна- родное отношение,

УДК 341.229

СТАНОВЛЕНИЕ МЕЖДУНАРОДНОГО КОСМИЧЕСКОГО ПРАВА

Мухамедгалиева Айгерим Раисқызы

aigerim-199815@mail.ru

Студентка 2-го курса юридического факультета по специальности «Международное право» ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Куликпаева М.Ж., доктор phd, и.о. Доцента кафедры Международного права, ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

В XX столетии работники научных дисциплин поставили цель стремительно исследовать пространство космоса. Изучение космоса приобрело интернациональный оттенок. Процесс исследования космоса имеет под собой совершенно новую неведомую область человеческой деятельности, регламентируемой принятыми мерками международного космического права. Вслед за этим возникла другая область в сфере международного права – международное космическое право. Космическое пространство – неповторимая и также по сущности абсолютно новая область работы труда человека. Появление международного космического права произошло после запуска первого искусственного спутника Земли СССР в 1957 году, однако официальной датой рождения международного космического права принято называть день вступления в силу Договора по космосу – 10 октября 1967 года, когда полностью узаконена деятельность по применению принципов МП к МКП. По собранным данным в изучении космического пространства ученые утвердили термин международного космического права, представленная как область международного публичного права, регулирующего отношения между его субъектами в целях исследования и использования космического пространства. К. А. Бекяшев дает следующее определение по понятию «космос»: «Космос – сложное геофизическое слово; он